

6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Мурат Зулпидинович Ашировтың «Темекі (*Nicotiana tabacum* L.) дәндерінен фитосубстанция алу технологиясы және оның негізінде дәрілік қалып жасау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Нұрғожин Талғат Сейтжанұлының

ПІКІРІ

Аширов Мурат Зулпидинович 2014 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясының 5B110300 – «Фармация» мамандығын, 2016 жылы 6M110400 – «Фармация» мамандығын бітіріп, медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін иеленді. 2018 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығына PhD докторантурасына оқуға қабылданып, «Темекі (*Nicotiana tabacum* L.) дәндерінен фитосубстанция алу технологиясы және оның негізінде дәрілік қалып жасау» тақырыбы негізінде ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді, зерттеу нәтижелері жарияланылғанда берілді.

PhD-докторант Мурат Ашировтың диссертациялық жұмысының экспериментальды бөлігі «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ «Фармацевтикалық технология» кафедрасына қарасты «Фармация мамандығы бойынша симуляциялық орталықта»; «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, дәрілік өсімдіктерді зерттеу зертханасында; Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Масак ауылдық округі, Қазтай Ұлтарақов ауылдындағы ЖК «Чеботова А.Н.» шағын өндіріс цехында; Алматы қаласы «ДПӨ «ЖАНАФАРМ»» ЖШС базасында; «Инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығы» АҚ; «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ, физико-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығында; Квансей Гакун (Жапония, Кобе қаласы) университетінің ғылым және технология мектебіне қарасты зертханасында орындалды.

Ізденуші *Nicotiana tabacum* L. дәндерінен фитосубстанция алудың инновациялық технологиясын жасап шығарған. Атап айтқанда, *Nicotiana tabacum* L. дәндерінен ультрадыбыстық және көмірқышқылды сығындылау, төменгі температурада престеу арқылы фитосубстанция алудың тиімді технологиясын жасап, фитосубстанциялар ҚР МФ талаптарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-20 бұйрығына сәйкес сапа критерийлерін белгіледі; *Nicotiana tabacum* L. дәндерінен алынған фитосубстанция негізінде жақпамай алынды. Алынған дәрілік форманың мақсатты тұтынушылары - техногендік аумақтарда тұратын тұрғындар, кіші күйіктерге шалдыққан науқастар мен үй-тұмысы жағдайында туындастын жаракаттар (жас өспірімдер, әйелдер, орта және егде жастағы қарт адамдар), сонымен қатар, ірі және орта өнеркәсіп өндірістерінде қызмет жасайтын барлық деңгейдегі жұмысшылар мен қосымша қосалқы қызметкерлер, әртүрлі жанама әсерлердің әсерінен зардал шегетін халық

тұрғындары, оның ішінде - емдеу-алдын алу мекемелері және еліміздің фармацевтикалық нарығы үшін тәжірбелік маңызы зор.

Ізденуші алдыңғы қатарлы елдердің бірі – Жапония, Кобе қаласында орналаскан Квансей Гакуин университетінің ғылым және технология мектебінде докторлық диссертация аясында ғылыми тағылымдамадан өтті.


Осы ретте, PhD-докторант Мурат Аширов диссертациялық жұмыс негізінде 17 ғылыми еңбек жариялаған, атап айтқанда, Scopus ғылыми басылымдарының библиографиялық және халықаралық дерек қорларына кіретін The Scientific World Journal басылымында – 1 мақала, Web of Science Core Collection ғылыми басылымдарының библиографиялық және халықаралық дерек қорларына кіретін European Journal of Clinical Pharmacology басылымында – 1 тезис; ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 7 мақала; халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарында – 5 жарияланым; 1 авторлық куәлік, 1 инновациялық және 1 пайдалы модельге патент жариялады.

Жоғарыдағыларды ескере отырып, ізденушіге ғылыми талдау қасиеттері тән, яғни орындалған жұмыстың нәтижелерін бағалай алу, үлкен көлемдегі материалды ретке келтіру, фармацевтикалық технология маманы ретінде және жоғарғы біліктілігі арқасында нақты шешімдер қабылдай алады.

PhD-докторант Мурат Аширов жоғары интеллектуалды потенциалға, берік мінез бен ұйымдастырушылық қабілетке ие. Оған аналитикалық ойлау мен креативтілік тән. Әріптестері арасында үлкен құрметке ие, жайдары, жауапкершілігі мол, тәртіпті.

Мурат Зулпидинович Ашировтың ғылыми-зерттеу саласындағы құзіреттілігі, диссертациялық жұмыстың жаңалығы мен тәжірибелік маңызы алынған зерттеу нәтижелеріндегі жеке үлесін, зерттеу тақырыбының мақсаттары мен міндеттерінің толық орындалғанын растайды және 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
Медицина ғылымдарының докторы,
профессор**



Т.С. Нұрғожин